

30 ТАМЫЗ - КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!



Құрметті әріптестер!
Баршаңызды Ата Заңымыздың 30 жылдығымен құттықтаймын. Конституция - мемлекетіміздің келбеті мен келешегін, құрылымын айқындаған, барлық заңдарға бастау болған маңызды құжат. Ол ел Егемендігінің нығайып, Тәуелсіздігінің баянды болуының негізін қалаған Қазақ мемлекеттілігінің асыл құжаты. Ата Заңымыздың негізінде халықтың еркіндігі, теңдігі, татулығы артып, бейбітшілік қоғам құрған еліміз татулықтың тал бесігінде тербеліп отыр. Барлық заңның бастамасы болған Конституция күні құтты болсын. Отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Ермек БӨРІБАЕВ,
Басқарма төрағасы - ректор
з.ғ.д., профессор.



КОНСТИТУЦИЯ – ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ НЕГІЗІ

Еліміздің Ата заңына 30 жыл толуына орай облыс әкімдігі және Жетісу университетінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының Конституциясы – заңдылық пен қоғамдық тәртіптің негізі» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған білім ордасының оқытушы-ғалымдары, қоғам қайраткерлері, ардагерлер, құқық саласының қызметкерлері және облыс әкімінің орынбасары Диас Есдаулетов қатысты. Жиынды Жетісу университетінің Басқарма-төрағасы, ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаев ашып, Конституция күнімен құттықтады. «Конституция - мемлекетіміздің келбеті мен келешегін, құрылымын айқындаған, барлық заңдарға бастау болған маңызды құжат. Ол ел Егемендігінің нығайып, Тәуелсіздігінің баянды болуының негізін қалаған Қазақ мемлекеттілігінің мызғымас заңы. Ата Заңымыздың негізінде халықтың еркіндігі, теңдігі, татулығы артып, бейбітшілік қоғам құрған еліміз дамып



келеді. Барлық заңның бастамасы болған Конституция күні құтты болсын. Отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін!»-деді. ҚР Сот

әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Әбілсейіт Түлкіев «Тәуелсіздік тірегі – Ата заңға 30 жыл» тақырыбында баяндама

оқыды. Жетісу университетінің Құрметті профессоры, құқық саласының ардагері, полиция полковнигі, оқытушы-дәріскер Болат Молдабеков, Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері, тарих ғылымдарының кандидаты Салтанат Тинистанова Конституцияның даму тарихы жөнінде баяндама жасады. Жарыссөзге өңіріміздің әлеуметтік-саяси өміріне белсене араласып жүрген қоғам қайраткерлері Жомартқали Жексембинов, Наурыз Қылышбайұлы, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалының басшысы Ермек Келемсейіт шығып, Ата заң барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына берік діңгек екенін атап өтті. Конференция жұмысын қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдаулетов Конституцияның мән-мағынасын ашып, оның құндылығын дәріптеуде мұндай конференцияның қажет екенін айтып, жетісулықтарды мерекемен құттықтады.



**АТА ЗАҢ - БАРЛЫҚ
ЗАҢНЫҢ БАСТАУЫ**

3 бет



**АБАЙ ҰЛАҒАТЫ
ҰРПАҚҚА АМАНАТ**

5 бет



**ОҚЫҒАНДА
КІМ БОЛАМ**

6 бет



ПОЭЗИЯ

8 бет



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

XXI ғасырда аса күрделі мәселелерді тек білімінің көмегімен ғана шешуге болатынын да күмән жоқ. Бұл мәселелердің жаһандық сипаты мемлекет алдына басым міндет ретінде білімді дамытуды қоятындығында. Сондықтан интеллектуалдық ресурстар, адам капиталы - маңызды фактор. Елдің экономикалық деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы бірінші кезекте - адами капиталға байланысты. Адами капиталдың болашағы – бүгінгі жас ұрпаққа білім берудің сапасымен өлшенері анық.

Білім - ғылымның қозғаушы күші. Білім мен ғылым бірге болғанда ғана нәтижелі болмақ. Білім – күрделі шығармашылық процесс. Білімнің деңгейі, таралуы және тұтынылуы – қазіргі қоғамның негізгі көрсеткіші. Ақпараттық ғасырда білімнің құндылығы үздіксіз өсіп отыр. Ал, оның объектісіне – білімді де білікті мамандар, яғни ғалымдар мен ұстаздар жатады.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Ал, оны басқару және дұрыс ұйымдастырылуы, білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру – қарымды көшбасшы, мықты менеджерге байланысты. Міне, осындай жандардың бірі - өмірінің басым бөлігін білім беру саласына арнаған, 24 жасынан осы саланың басқарушы қызметінде болған Куат Маратұлы Баймырзаев.

Куат Маратұлын қоғамға пайдасы зор саланың басқарған, бірнеше өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын нығайтуға өзіндік үлес қосқан, білімді маман, білікті басшы ретінде білеміз. Қызығынан қиындығы басым түсіп жататын саланың өрісін кеңейтіп, сапасын жақсарту, бәсекеге қабілеттілік факторын дамыту – басты ұстанымы. Абайша айтқанда, «төңірінің берген өнері» екендігін осы кісінің келбетіне қарап еріксіз мойындайсыз. Себебі, білім мен ғылым саласын басқару да үлкен өнер, оған үлкен ыждағаттылық, тынымсыз еңбек, қарымды қабілет қажет.

Куат Маратұлының балалық шағы Алматы облысы, Жамбыл ауданында өтті. Жас кезінен осы өңірдің Күрті өзенінен бастау алған Қарақастек, Қастек өзендерінің кәусар суынан сусындап, жайқалған тоғайындағы бүлдіргенін теріп өсті. Туған ауылдың әрбір тұрғынын өзіне туыс-бауырдай сезінетін сол бір балалық шақ естен кетпес уақыт. «Мен өмірімде өзім туып өскен Ұзынағашым мен алғаш ғылым мен білімге жол көрсеткен ҚазҰУ-ді ешуақытта ұмытқан емеспін. Ұмыта да алмаймын. Білімге жол ашқан ҚазҰУ-ді әрқашан мақтаным етем. Бұл - шындық», - дейді ол әңгімесінде.

Балалық шаққа келсем, «Құштарлық көрнеген, қияға құлаш сермеген» қиял мен сезімге бөленген балғын да балауса өңірдей жастық шақ, керемет көгілдір арман көгінде қалықтайтын жастық шақ, дана Абай келісті кестелегендей: «талаптың мініп тұлпарын, тас қиялға өрлеген», яғни адам ғұмырындағы осынау жалынды дәурен өзгеше ғой! Әр жылы дүниеге келген ұрпақтың өз тағдыры бар. Менің балалық бал дәуренім, жастық өмірім қиын да қызықты болды. Түрлі ұлттың балаларымен балалық бал дәуренді бірге өткіздік. Қазақ балаларының бойында ұлттық намыс, еңбекқорлық, өмірге деген құлшыныс ерекше болды. Міне, осы ұстанымдар менің де өмірден өз орнымды табуыма әсер етті. Мен де өз қатарластарым сияқты ерте ержеттім, білімге ұмтылдым. Тек білім ғана алға алып шығарын, «Оқу білім бұлағы, білім өмір шырағы» екенін ұқтым. Менің тұлға ретінде қалыптасуыма мектептегі ұстаздардың сіңірген еңбегі зор. Сабақтан қолым бос кезде ауылдағы кітапханадан шықпайтынмын. Жас кезімнен кітапқа құмар болып өстім. Дүниенің таңғажайып тұңғық құбылыс-сырларын білсем, көрсем, оқысам тоқысам деген ұшқыр түйсік, география мамандығын таңдауыма себепші болды. Сөйтіп, 1985 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультеті, география мамандығына оқуға түстім.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақтың ру-

хани мәдениетін айырықша сатыға көтерген шаңырақ. Ол қазақ интелегенциясының қалыптаса бастаған тұсында ашылды, сол кезден бастап қоғамның рухани мазмұнын, дүниетанымын өзгертуге теңдесі жоқ үлес қосты. ҚазМУ-ден ұшқан қарлығаштар білімге, мәдениетке құштарлық дәстүрін қалыптастырып, республикамыздың сан-салалы экономикасын, білімін, ғылымын, мәдениетін арттыруға мейілінше белсенділікпен, біліктілікпен араласып, еліміздің өркендеуіне өздерінің үлестерін қоса келе, өзінен кейінгі ұрпаққа да үлгі, өнеге бола білді. Бұл дәстүр сабақтастығы әлі жалғасын табуда.

Университетте оқып жүргенде-ақ қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Жастар ұйымдарының жетекшілерінің бірі болуым, университеттің комсомол ұйымы хатшысының идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, қазіргі кезеңде депутат болуым сол университет қабырғасынан бастау алған қоғаммен етене араласуымнан болса керек.

Қуат Маратұлына ҚазҰУ тек білім беріп қана қоймай, ғылымды игеруге де жол ашты. Университеттегі түрлі студенттік-ғылыми конференцияларға қатысу, баяндамалар жасау толығымен ғылымға құштарлығын оятты. Соның негізінде, 1996 жылы «экономикалық, әлеуметтік және саяси география» мамандығы бойынша «Орталық Қазақстанның табиғи ресурстарының аумақтық үйлесімдерін экономикалық-географиялық бағалау» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ал, оның ізденушілік қыры «Орталық Қазақстан өңірінде табиғатты ұтымды пайдаланудың экономикалық-географиялық мәселелері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаумен жалғасты.

Ұлы ғұлама әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегінде «кейбір шәкірттер білім алу-ды өзінің қара басы үшін пайдаланғысы келеді. Мұндай шәкірттердің ісіне сын

ның өмірін жасампаз еңбекпен толтыру үшін өзінің барлық тәжірибесін пайдалану қажет болған сәт еді. Оның жетекшілігімен институт кредиттік технологияны енгізуге белсене атсалысты, бұл студенттердің білім сапасының жақсаруына әкелді.

2006 жылдың қазан айында институт «Ұлттық экономика көшбасшысы – 2006» Халықаралық құрмет белгісінің сыйлығына ие болды (сыйлық Мәскеуде берілді). Институттың халықаралық тартымдылығын қамтамасыз ету үшін Қ. М. Баймырзаев институт пен жақын және алыс шетелдердің басқа да жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерге қол қоюға бастамашылық жасады.

Белсенді ғылыми-педагогикалық қызметі үшін 2005 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ғылыми, педагогикалық, оқу және еңбек қызметіндегі табыстары үшін 2007 жылы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2008 жылы Ы.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды. 2014 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, «Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына» мерекелік төсбелгісінің иегері.

Қ.М.Баймырзаев 2016 жылдың көктемінде мемлекеттік ЖОО басшылары лауазымына кандидаттарды айқындау жөніндегі республикалық конкурстық комиссияның бағалауымен І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры лауазымына тағайындалды. Оның басшылығымен ЖОО материалдық-техникалық базаны жетілдіру мен жаңғырту, педагогикалық шеберлікті арттыру, ғылымды дамытуды және оның инновациялар арқылы

көзбен қарап, теріс мінездерін алдымен өздеріне түзеттіру қажет. Ал, мінезі түзу шәкірттерге білім ешбір қиындықсыз қонады, ұстаздың жалықпай тәрбиелейтіні, жәрдем беріп көмектесетіні де осылар» - депті. Расымен де ұстаздардың сіңірген еңбегі ерекше. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті республика үшін ғылым мен білімнің ең ірі орталығы әрі ғаламдық өркениеттің асқар шыңы. Тәуелсіз елдің инновациялық идеялар мен ғылыми технологиялық құндылықтарының да ордасы. Мен еңбек жолымды осы қарашаңырақта бастағанымды үнемі мақтан тұтамын.

Қ.М.Баймырзаев еңбек жолын 1991-1997 жылдары – әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ректорының көмекшісі қызметінен бастады. Ол кезеңдері университет ректоры жоғары білім берудің ірі ұйымдастырушысы, белгілі ұстаз, еліміздің қоғам және мемлекет қайраткері К.Н. Нәрібаев болатын. Нәрібаевтың тұсында ҚазҰУ республикада бірінші болып шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін және қазақстандық жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген студенттердің білімін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізді. Осы тұста Қ.М.Баймырзаев ҚазҰУ-дің студенттік мәселелер жөніндегі проректоры қызметінде болды.

Қуат Маратұлы атқарған барлық лауазымдарда өзін жоғары білікті маман және бастамашыл ұйымдастырушы ретінде танытты. Дәл осы маңызды қасиеттер оны биіктерге көтерді. 2004 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Қ.М.Баймырзаев Қостанайда ректор лауазымына тағайындалды. Бұл кезең Қостанай педагогикалық институтының тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірі болды, өйткені бұл оның қайта өрлеу кезеңі болатын. Әрине, Қ.М.Баймырзаев үшін, басшы ретінде іскерлік қасиеттерін ерекше белсенді түрде көрсету, университетті республикалық және халықаралық деңгейге көтеру және ЖОО-

оқытумен байланысын, ақпараттық-білім беру ортасын дамытуды, оқытушыларды, қызметкерлер мен студенттерді әлеуметтік қорғауды қоса алғанда, барлық ұстанымдар бойынша серпінді дамыды. «Әрине, менің алдымда болған ректор, ҚазҰУ түлегі Ә.Е.Бектұрғановтың да елеулі еңбегі бар. Қазір университетімізді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университетінің түлегі, еңбек жолын аталған университетте бастаған Ермек Бөрібаев жалғастыруда. Талантты жас ректор университеттің ғылыми әлеуетін көтеруге күш салуда.

Қуат Маратұлы табиғатты ұтымды пайдаланудың экономикалық-географиялық мәселелеріне арналған іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы маман болып табылады. Университетте ғылыми жұмыстың тиімділігін арттыру үшін 2016 жылы биотехнология проблемаларының ғылыми-зерттеу институты ашылды, оның құрамында екі ғылыми зертхана жұмыс істейді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірлесіп, коммерцияландыру кеңсесінің базасында «Стартап академиясы» ашылды.

Қуат Маратұлының - басқару стилі жоспарлауға, басымдық беруге және бақылауға негізделген басшы. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жауапкершілігі мен тиімділігін арттыруда да еңбегі зор. Қазіргі кезде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Құрметті Куат Маратұлы! Жас кезіңізден басшылық қызметте болып, мықты менеджер екендігіңізді көрсеттіңіз. Сіздің жаймашуақ мінезіңіз, жылы жүзіңіз, парасатты пайымыңыз, адамгершілік тұлғаңыз қанша жанға бақыт сыйлады. Саналы да салиқалы ғұмырыңыз, жемісті еңбегіңіз жылдардан жылдарға жалғаса берсін.

Мерейтойыңыз құтты болсын!

Гүлнар ТУЛЕШОВА,
Экономика және сервис
кафедрасының меңгерушісі.

**Ермек БӨРІБАЕВ,
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма төрағасы - ректоры,
заң ғылымдарының докторы,
профессор.**

Қазақ халқының даңқты батыр перзенті Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас мген құл болмайды» деп бекер айтпаса керек. Шынында да, белгілі бір заңдарды мен құқықтық жүйесі құрылмаған мемлекет ел бола алмасы анық. Конституция, яғни Ата Заң - Қазақ мемлекеттілігінің айғағы. Ата Заңымыз бүгінгі заманның барлық көкейкесті мәселелерін толық қамтыған және мемлекет құрылысына толық баға бере алатын алып құжат. Себебі, Конституция ең алдымен мемлекеттің қандай жолмен дамитынын, басты құндылықтарын өлшеп-пішіп, айқындап беріп отыр. Еліміздегі оң өзгерістер мен дамудың бастауы да осы Конституцияда жатыр. Ата Заңымыздың негізінде халықтың еркіндігі, теңдігі, ынтымағы артып, еліміз татулықтың тал бесігіне айналып отыр.

Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толады. Негізгі заңның мәтіні өзгермейтін, ғасырлар бойы тұрақты болуы керек деген пікір бар. Дегенмен, Конституция қатып қалған акт емес, заман келбеті өзгерген соң конституциялық нормаларда өзгеретіні заңдылық. Тарихқа жүгінсек, ел тарихында бес Конституция болды. Олар 1926 жылғы Қазақ АССР Конституциясы, 1937 жылғы Қазақ КСР Конституциясы, 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясы, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII сайланған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында Парламенттік республика үлгісінде қабылданды. Конституция Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз етті. Тәуелсіздіктің

АТА ЗАҢ- БАРЛЫҚ ЗАҢНЫҢ БАСТАУЫ

алғашқы жылдары күрделі, қайшылықтарға толы кезең еді. Бір жағынан, Конституция нарықтық экономика мен демократиялық мемлекеттің қалыптасуына құқықтық негіз жасаса, екінші жағынан, биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өкілеттіктері туралы мәселені шеше алмады. Сондықтан жоғарғы билікте дағдарыс орын алып, қоғамда тұрақсыз әлеуметтік жағдай қалыптасты. Осы себептер 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға негіз болды. Ата заң қабылданғаннан бері құқықтық мәдениеттің негізі қаланып, заңдылық пен тәртіп нығайып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Кез келген Конституция болашаққа бағытталады. Оның қолданылу мерзімі әрине шексіз болуы керек. Бірақ бұл Конституцияны өзгертуге немесе толықтыруға болмайды дегенді білдірмейді. Өзгертуге жатпайтын нормалармен қатар, дамушы қоғамның мүдделеріне сай өзгертуге тура келетін нормалар бар екенін мойындауымыз керек. Соңғы жылдары Ата заңға 6 рет өзгерістер мен толықтырулар жасалды. Өзгерістер енгізілердің алдында елімізде демократиялық реформаларды жасау мен нақтылау жөнінде арнайы комиссиялар құрылып, жұмыс істеді. Әр саланың билікті мандары Ата заңымыздың әлеуетін арттыру үшін тұщымды ойларын ортаға салып, ұтымды ұсыныстарын айтты. Алғаш рет 1998 жылы Конституцияның 19 бабына түзету

енгізілді. Онда Президенттікке кандидаттың 65 жасқа дейінгі деген жас шектеуі алынып, парламент депутаттарын партиялық тізіммен сайлау туралы және басқа да түзетулер енгізілді. Ал 2007 жылы елдің мемлекеттік құрылымының нысанына қатысты түзетулер болды. Қазақстан президенттік-парламенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекетке айналды. 2017 жылғы енгізілген өзгерісте Президенттің бірқатар өкілеттігі биліктің басқа тармақтарына берілді. 2019 жылдың наурыз айында Конституцияға Қазақстан астанасының атын өзгерту бойынша түзетулер енгізілген еді. 2022 жылы 5 маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өтіп, халық Ата заңымыздың 33 бабына 56 өзгеріс енгізу үшін өз дауыстарын берген еді. Бұл, әрине, тарихи маңызы бар шешім болғаны анық. Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі болды. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ деп белгіленді. Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алатын болды. Ең ауыр жаза өлім жазасына тыйым салынды. Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылды. Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды. Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы

бойынша шақыртып алуға мүмкіндік берілді. Жалпы құқықтық жағынан алғанда негізгі өзгерістердің бірі — Конституциялық Соттың құрылуы болды. Қазіргі таңда осы өзгерістерді енгізу дұрыс шешім болғанын көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 бабында баяндалған азаматтардың тегін білім алуға деген құқықтары Білім туралы заң негізінде орындалып, жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні ел ертеңіне қызмет ететін болашақ жас мамандарды дайындауда мемлекет тарапынан және облыс әкімшілігі тарапынан бөлініп жатқан білім гранттары соның айқын дәлелі. Әр азаматтың көзқарас еркіндігі, таңдау мүмкіндігі, бейбіт өмірі қамтамасыз етілгендіктен, біздің елде саяси тыныштық орнады. Ата Заңның 1-бабының 1-тармағында Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деген. Ендеше мемлекетіміздің Ата Заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтап, өлемге Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш етіп отыр. Ең қымбат қазына адам болғандықтан Конституциямыз еліміздегі барлық азаматтарға шыққан тегіне, дініне, саяси көзқарасына қарамастан бірдей құқықты көпідік берді. Конституцияның қоғам өміріндегі, еліміздің тарихындағы орны бөлек екеніне отыз жылдан бері көзіміз жетіп келеді.

Ата заңды қалың бұқара үлкен ықыласпен қастерлеуге тиіс. Өйткені Конституция барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына берік діңгек, алтын ереже болып қала бермек.

Мемлекеттілігімізді қалыптастырып, Тәуелсіздігімізді нығайтуда маңызы зор Ата заңымызды құрметтейік! Бұл мерекенің мәні мен маңызын терең түсіне білейік!

ҚАЗАҚ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ТҰЛҒА

Қазақтың тарихында елі үшін басын қатерге тігіп, тер төккен азаматтар аз емес. Солардың бірі - қазақ елінің алғашқы Конституциясының негізін салған, қазақ өлкесін Ресейдің отары қатарынан шығаруды көздеген Жарғы жазған, шығыстанушы, заңгер, өзіміздің жерлесіміз Барлыбек Сыртанов. Барлыбек Сыртановтың арғы бабасы Қаптағай қол бастаған жаяу жүрек батыр әрі XV ғасырдағы Ақ Орда мемлекетінің ірі қайраткері болған, бергі атасы Қадірәлі XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Жетісу өлкесіне танымал от тісті, орақ ауызды ділмар, ердің дауын екі ауыз сөзбен шешкен атақты би болса, өз әкесі Сыртан да ел ішінде турашылдығымен, өткірлігімен көзге түскен батыр адам болған екен.

Әкесі оны ең бірінші Верныйдағы ер балалар гимназиясында орта білім алуға жіберген. Одан кейін 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетінде оқиды, сонымен қатар сол қаладағы медицина университетінің 3 айлық курсы да оқып үлгереді.

Шығыстану факультетінде білім ала жүріп, араб, парсы, түрік, татар, орыс тілдерін меңгерген, белгілі химик Менделеевке шығыс тілдерінен химияға қатысты шығыстың ғылыми еңбектерін аударуға көмектескен.

Қазақ зиялыларымен қатар жүріп, білімін шыңдаған Б. Сыртанов патша өкіметінің тұсында бірқатар лауазымдық қызметтер атқарады. 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында Түркістан генерал губернаторының қазыналық палатасында қызмет еткен. Түркістан генерал губернатор кеңсесінің бастығы қызметін атқарған. 1894 жылы 29 қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқарманың іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. Ерекше тапсырмалар бойынша қызмет жасаған. Жетісу облыстық басқармасында қызмет еткен. 1903-1907 жылдары Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне қатысты комиссияның құрамында жұмыс жасаған. Жетісудағы ағарту ісіне де белсене араласады. Ол Қапалдағы өзінің ауқатты жерлестері Маман құттың балалары салдырған медресенің жадидтік бағытта

білім беруіне ықпал етеді. «Айқап» журналы арқылы «Мамания» медресесіне оқымысты азаматтарды тартады. Сондай-ақ, Верный гимназиясының үлгісінде мектептер ашуға Матай мен Жалайырдың ауқатты кісілерін қаражат бөлуге үгіттейді. Верный гимназиясына қазақ балаларын көптеп тартып, соның арқасында Мұхаммеджан Тынышбаев, Салық Аманжолов, Ораз Жандосов сынды азаматтар оқу бітіріп шығады.

Б.Сыртановтың «Қазақ елінің жарғысын» (Конституциясын) жазуына түпкі себеп болған, біріншіден, Столыпин реформасынан кейін патша өкіметінің саясатымен орыстың шаруаларын Жетісу жеріне қоныс аударып, жергілікті халықты шұрайлы, жайылымды жерлерден айыруы болды.

Екіншіден, Қазақстанның Ресей құрамына енуі нәтижесінде оның отарына, арзан шикізат көзіне айналуы.

Үшіншіден, патша қолшоқпарларының жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығы мен озбырлығы. Төртіншіден, орыс патшасы Қазақстанды қоластына біріктіргеннен кейінгі кезеңде жасаған шартты бұзуы, қазақ жеріне бекіністер орнатып, жаулап алуды күшейтуі, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алып, айдалаға, құмға ығыстыруы әсер етті.

Столыпиннің жер реформасы кезінде қазақтың шұрайлы, сулы-нулы жерлері күшпен тартып алынып, орыс қара шекпенделеріне беріле бастағанда Барлыбек Сыртанов бұл басқыншылыққа үзілді-кесілді қарсы тұрады. Қазақ зиялылары бас қосқан 1905 жылғы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтармен бірге Барлыбек Сыртанов та қазақ ұлтының жерге қатысты және өзгеде құқықтарын талап етіп Патшаға петиция жазды.

1910 жылы Ұзынағашта Жетісу өңірінің белсенділерінің басын қосып, кеңесте: «Жақсы жердің бәрі қара шекпенділердің меншігіне өтті. Жұртынан айырылған байқұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас. Ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен, атала-

рымыздан қалған жерімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Қара шекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу қажет», - деп халқына үндеу тастайды. Жетісудағы қазақ-қырғыздың жер және өзгеде зар-мұңын талап етіп 1911 жылы Санкт-Петербургке барып, ұлықтарға шағым түсіреді. Сол жылы Санкт-Петербургте қыстаған Барлыбек осындағы бай кітапхананың мүмкіндігін пайдалана отырып, Әлихан Бөкейхановтың тапсыруы бойынша С.Б.Алашинский деген бүркеншік атпен 1911 жылы маусым айында Қазақ елінің алғашқы Конституциясын («Қазақ елі уставы») жазып шығады.

Жарғының кіріспе бөлімінде қазақ елінің көне ұлттардың бірі екендігін, тарихы тереңде және жеке ел ретінде өмір сүріп ұлан байтақ жерін жаудан қорғағанын, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті әскеріне бір байрақтың астында бас қосып, қалмақтарды құл-талқан жасағанын, бірақ Әбілхайыр хан асығыстық жасап Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті,- деп көрсетеді.

Қазақ елін тәуелсіз етіп, Ресей құрамынан шығарып, республика құруды көздеген жарғыда негізгі 4 мәселе қарастырылды:

- 1.Қазақ елі республикасының жеке болуы;
- 2.Адам баласының құқықтары;
- 3.Қазақ елінің жері туралы;
- 4.Сот мәселесі.

Қазақ елі уставында жеке ел болу үшін туы болуы және Қазақ елі Ресейдің отары емес, достастық, яғни доминион дәрежесіндегі қарым-қатынаста болады деп қарастырылған.

Мемлекеттегі ең жоғарғы орган – Ұлт мәжілісі, оған дауыс алып

өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды, бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ және қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген сияқты қазақ елінде билік жүргізу закон шығаратын (парламент), орындайтын (үкімет) және сот болатындығын, билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады,- деп көрсетілді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты мынадай мәселелерді қарастырды: адамдардың ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамастан тең құқығы, еркін сөйлеу, ұйым құру, партияға кіру еркіндігі, соттың санкциясынсыз азаматты 24 сағатқа дейін ғана ұстау, азаматтардың хат-хабар құпиясы туралы қамтыды.

Жер саудаға түспейді, сатылмайды және жердің көні, орман, су, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, үй салу, жерді өңдеу, жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару мемлекеттің құзіретінде екендігі айқындалды.

Сот турасында: Сот билігі өз еркімен іске асатындығы, дау шешкенде ешкімге бағынбайтындығы, судьяларға қазақ тілін білуінің міндеттілігі, басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге құқығы, ауыр қылмыстарға қатысты алқабилер сотының болуы, құрамының жеті адамнан құралуы, олардың партияға мүше болмауы туралы қарастырылды. Оның бұл идеяларының басым көпшілігі Алаш партиясының бағдарламасынан орын алды. Оның ережеде көрсетілген ұстанымдарының кейбір тұстары қазіргі біздің Конституциядан да көрініс тапты.

Өкінішке қарай, Б. Сыртанов 1914 жылы 48 жасында өкпе ауруынан қайтыс болады, ол Қапалда жерленген.

Аз ғана өмір сүрсе де, болашақ тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық негізін салған тұлға ретінде тарихта аты қалды және қазақтың оқыған, білімді, біртуар азаматтарының басын қосып, қазақ елінің жеке ел болуына, тәуелсіздікке қол жеткізу мен халықтың қамын ойлау туралы артында өшпес із қалдырып, қазіргі жас ұрпаққа үлгі боларлық іс тындырды.

Қазақтың тарихында ең алғашқы болып Конституцияның негізін қалаған адам ретінде есімі қалды!

**Салтанат ТИНИСТАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы.**



ҰЛЫ АҚЫННЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ОЙЛАРЫ

ағартушылық лирикасы арқылы «жаңа өспірім, көкөрімге» «артық ғылым кітапта» екенін ұқтырып, «ғылым таппай мақтанбауға» кеңес берді. «Адам болам десеңіз» «бес асыл істі» қасиет, «бес дұшпаннан» бойды аулақ салуды, «пайда ойламай, ар ойлауды» ғибрат тұтуды өсиет етті.

«Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп жырлаған ақын, ғылымды екі тарапта адамның ғылымы, алланың ғылымы деп жіктеп, «адамның әр нәрсенің түбін білмекке ынтықтығы», «... хәммәні білетұғын ғылымға ынтықтықпен» сабақтастырады, себебі ақын өсиетінің нәрі-білмекке құштарлықта.

Күнбатыстан соққан ызғарлы замана желінің өтінде қалған, жақсы менен жаманды айырмаған қайран жұртының тағдырына қабырғасы қайысып қан жұтқан ақынның «қалың елі қазағының» қалың соры бірлік жоқ, шын пейіл жоқ мінезінде екендігін айнытпай танып, ашына айтқан, бірде күңірене, бірде түңіле жырлаған ақынның мұң-зар толғауы боямсыз.

«Таласып босқа, жау болып досқа, қор болып құрып бара жатқан жұртының, ұлтының психологиясын терең таныған, қазақ мінезінің мінін тамыршыдай тап басқан ақын «Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ» елінің дертінің дауасын да дөп басып көрсетіп кетті.

Алғашқы өлеңдерінде ағартушылық-дидактикалық бағыттағы ақыл-кеңес айтып, өнер-білімге, талап пен еңбекке шақырған ниеті мен ойы айқын көрінсе, сыншыл реалистік ағымдағы лирикасы замана келбетін, әлеумет өмірін, адамдардың мінез-құлқын бейнелеген сарынға ауысады. Енді бірде сатираға, ащы сынға өріс береді. Ащы етке тұщы таяқ жұмсайды. «Сөз қыдыртқан, жұрт құтырған», антын арын саудалаған, «тасыса өсек, ысықртса кесек, құмардан әбден шыққандай» аяқты алшаң басқандардың кері кеткен кесепат кейпін сықықтап, адам мінезін, заманды түзетпек ойын ашық айтады. Сатиралық бейнелер өнерде оқырман үшін күлкі туғызар комедиялық көрініс десек те, өмірдегі, тірліктегі трагедия. Ұлт психологиясын терең танушы әрі шебер суреттеуші ақын сомдаған ұлттық бейнелер шынайы әрі бейнелі.

Ақыл-кеңеске құлақ аспаған ащы сыннан айылын жимаған жұрт мінезіне бірде налыған, бірде ашыған, бірде шамырқана ширыққан ақын жер ортасы жасқа келгенде адамгершілік, имандылық туралы ғибратын діни ағартушылық-дидактикалық ағымда толғады.

«Адам деген даңқым бар» деп асқақ толғаған ақын алла «махаббатпен жаратқан адамзаттың» асыл қасиеттерін, ізгілік сипаттарының қайнар бастауы қайда екенін «толық адам» туралы тұжырымдамасы арқылы түсіндірді. «... Адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойған» (М.Әуезов) ақынның «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» «толық адамы»- Сократтың «өзін-өзі тани білген», шығыс ойшылдары пайымындағы «камили инсани», дао іліміндегі «әбден жетілген адам».

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» екенін, заманына қарай «қағида шарифаты өзгерсе де, тағриф алла еш жерде өзгермейтінін», әһлі кітап (қасиетті кітаптар) сөздерінің алланы танытуында айырма жоқтығын, алланың мінсіздігін, құранның алланың сөзі екендігін, пайғамбардың хақтығын уағыздады. Абсолюттік ақиқатты тануға талпынысы, білмекке құмарлығы ақынның тәңіріге ғашықтығынан туындаған.

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі Өзіне құмар қылған оның өмірі.

«Терең ойдың телміріп соңына ерген, алланың рахматын жар тұтқан, құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаған» ақын поэзиясындағы діни-дидактикалық ағымның,

құран сүрелері мен аяттарындағы, хадистердегі қағидалардың, ислам ойшылдары мен хакімдерінің пәлсафалық ой-тұжырымдарындағы пайымдаулардың ақын танымындағы көрінісі терең зерделей зерттеуге зәру.

«... Абайға шығыстан келген бұйымдардың басы-ислам дінінде», «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» екендігін М.Әуезов тегін ескертпесе керек. Ақынның Алла, адам, адамзат, әділет, иман, жайындағы гуманистік ойларының түйіні – төмендегі шумақта тұжырымдалған: Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй, ол алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, Және сүй, хақ жолы деп ғәдәлесті.

Абайдың дін туралы пікірлері оның діни ойларының адамгершілік, әділеттілік, имандылық қасиеттермен тұтасып, үндесіп жатқанын байқатады. Абай болмыстың ақиқатын, сырын терең танып, ислам дініне ізгіліктің, адамгершіліктің, бейбітшіліктің қайнар көзі ретінде қарап, құранның іші толған «ғамалус-салих» (ізгі ой, игілікті іс) – екенін айтқан.

Ұлы ойшылдың қарасөздеріндегі әр өсиет-саналы, сөз ұғар қазақ баласы үшін үлкен өмір мектебі. «Адамға үш алуан адамнан жақсы мінез жұғады. Ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», «адамшылықтың алды-махаббат, ғаделет, сезім» деген пайымдары – өмір тәжірибесінен екшеліп, сұрыпталып шыққан қорытпа ой түйіні. Қарасөздеріндегі әрбір өсиет, нақыл – болашағына бейжай қарамайтын білімді, тәрбиелі, саналы жас үшін зор рухани азық.

Абай қарасөздерінің жанрлық ерекшелігі де өзгеше. Бірде монолог, бірде Сократтық сұхбат, бірде шешендік сауал, бірде нақыл – ғақлия, бірде ойтолғақ, бірде көсемсөз, енді бірде ғылыми трактат. Қарасөздердің өн бойында қан тамырдай таралған сыни ойлар мен кемеңгерлік толғамдар – берісі адам, қоғам, ұлт, арысы адамзаттық көкейкесті мәселелерді пайымдаған тәлімдік, тәрбиелік, танымдық, философиялық тұтас туынды.

Абай даналығы – алдында бағыт көрсетер, жол бастар соқпақ із жоқ сахарада, соқтықпалы жерде, мыңмен жалғыз алысып жүріп кемел ой, кәміл сенімге жетіп, толық адамға, ұлттың ұлы тұлғасына айналуы, әлемдік әдебиет көшінің алдыңғы легінде көрінуі.

Абай поэзиясының мазмұны адамзат игілігіне қызмет етер ізгілікке, гуманизмге ұласқан. Әлеуметтік эстетикалық талғамы асқақ сыншы тек адам атаулыны ғана емес, зұлымдық пен надандықты тудырып отырған отарлық саясатты, темір құрсау заңды, сұрқия заманды сынайды. Өз ортасынан бойы да, ойы да озық ақын өз қолынан ырқы кеткен, бодандыққа басы байланған халқының ертеңін, өзгіден құтылып, егемендікке ұмтылудың жолын іздеді. Ол жол оқу, білім, өнер жолы екенін бек түсінді, сондықтан ұйқыдағы елін оятуға талпынды, насихатын айтты, өңменінен өткізе сынады, ар мен ұят ойламай жанын асырағандардан, өз сөзінен басқаны ұқпайтындардан, өз елін өзі аңдығандардан түңілді. «Қайғы мен ыза қысқан соң», тілінен зар шықты.

Түзетпек едім заманды Өзімді өзім зор тұтып, - деген ақын мақсаты айқын.

Абайдың адам мен қоғам жайындағы тұжырымы – қазақ топырағындағы жаңа тұжырым. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі.

Өмір мен өнерді астастыра жырлаған ақынның идеялық-эстетикалық концепциясы да жігі көрінбестей біртұтас.

Абай мұрасының ел ішіне таралуынан бүгінгі күнге дейін ғасырдан астам уақыт өтті, заман да, адам да, заң да, әлеуметтік-саяси хал-ахуалда өзгерді. Дегенмен, адам бойындағы «бес дұшпан» заман ағымымен келеңкедей ілесіп қалмай келеді. Бүгін де, өсек-өтірік, ұрлық, қулық-сұмдық, қанағатсыздық, мал шашпақ мақтан, ысырапшылдық, немқұрайдылық, тоғышарлық, паракорлық – жемқорлық, пайдакүнемдік, бақталастық, бәсекелестік, билікке, атақ-даңққа құмарлық сияқты келеңсіздіктер жайлап, тіпті, бала тәрбиесіне салғырт қараудан, дінді ғылыми негізде түсінбеуден доғмалық соқыр сенімге бой ұру, теріс пайдалану тәрізді жағымсыз құбылыстардың кеңінен өріс алғаны да ақиқаттан алыс емес.

Ұлы ақын қалың елі қазақтың қаймана қалпын, бодандыққа бойұсынып боркемік тірлік кешкен елінің бейдауа күйін, «...қайран жұртының жоғын жоқтап, мұңын мұндап ..., бар жанымен ынтыға сүйген» (М.Әуезов) қам көңілдің қапалы толғанысын, әлеуметтік-қоғамдық жүгі ауыр, саяси астарлы мәні зор, сыншыл реалистік бағыттағы өлеңін 1886 жылы 41 жасында жазған. Отарлық озбырлықтың боданында өз ырқы өз қолыңнан кеткен, «талауда малы, қанауда жаны» қалың елі қазағының қамын жеп, тағдырына қабырғасы қайысып, қамсыз, қарекетсіз қалпына қынжылса да өмірі мен өнерін ұлтының болашағы жолына бағыштаған, ұрпағына баға жетпес мұрасын мирас еткен Абайдың мәңгілік мұрасы-адамның өмірге келген сәтінен ахиретке дейінгі бар болмысын танытар – тәлімдік кодекс.

Ақынның тұнық ойының тұңғығында жатқан інжу-маржандарын жүрегінің түбіне терең бойламай қасиетін тани алмайсың. Абай жолы-ақынның салған жалғыз аяқ-соқпақ жол, соқтықпалы жерде мыңмен жалғыз алысып өткен жол, артына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырған енегелі жол. Абай даналығы – алдында бағыт көрсетер жол бастар соқпақ із жоқ сахарада, соқтықпалы жерде, мыңмен жалғыз алысып, жүріп кемел ой, кәміл сенімге жетіп, толық адамға, ұлттың ұлы тұлғасына айналуы, әлемдік әдебиет көшінің алдыңғы легінде көрінуі.

Ренессанстық тұлға ұлы Абай мұрасының көркемдік көкжиегін, эстетикалық құнарын, ізгілік мұратын әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, діни-пәлсафалық ойдың биігіндегі жауһарлармен салыстыра зерттеу де өзекті мәселе.

Абай жолы-ақынның тыңнан салған жалғыз аяқ соқпақ жол, соқтықпалы жерде мыңмен жалғыз алысып өткен өмір жолы, артына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырған енегелі жол.

Абай кемел ой, кәміл сенімге жетіп, ұлттың ұлы тұлғасына айналған, қазақ халқының маңдайына біткен данышпаны, шығармалары – теңдесі жоқ ұлттық олжамыз. Ақынның өлеңдері мен поэмаларындағы аудармаларындағы, қарасөздеріндегі өсиет-өнеге, тәлім-тәрбие, тағылымды, ғибратты нақылдар теңдесі жоқ сарқылмас қазынамыз.

Абайдың: «Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек-қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас...». Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді!-деген үмітті арманында мол ғибрат бар. Осы бір, үш ғасырдан астам уақыт кенерінде, отарлық озбырлық, қаншама тарихи төңкеріс, аштық пен саяси қуағын – сүргіннен қынадай қырғын көрген қалың ел – бүгінде ұлыларын ұлықтаған, рухани мұрасын мирас тұтқан, болашаққа бағдары айқын егеменді мемлекет.

Сайлау Қожаәулов,
Абайтанушы.

«Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты»

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан

Абайдың - дидактикалық, тәлім тәрбиелік, ізгілік жайлы толғамдары ағартушылық лирикасының өн бойын көктей өтіп, қарасөздерінде дамытылып, педагогикалық идеяларының арнасына келіп құяды. Бодандық бұғаудағы елінің болашағына алаң ақынның 1885-86 жылдарда жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» тәрізді алғашқы бір шоғыр өлеңдерінің лейтмотиві талаптанған жастардың оқудағы мақсаты қандай болу керек деген сауалға ұласып, «иә тілмәш, иә адвокат» болуды көксеген көкөрімге «пайда ойламай ар ойлауға» бағдар беріп, сынай отырып, жөн сілтейді. Ақын жалаң үгітке бой ұрмай білімді, ғылымды игеруге бастайтын талаптың, «білмекке құштарлықтың» кілтін де ұсынады. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық даналығына жүгініп, «талап қыл артық білуге», «артық білім кітапта» екенін жас өспірім санасына сіңіре түседі. Өзінің ізгі мүддесі тұрғысынан ақын адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгі-лікті сипаттары басым болу керектігін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде дәйектеп берді. Бұл өлең М. Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдык бір өлеңі» болатынды. Абайдың «Адам болам десеңіз» тезисі бойынша көтерген көкейкесті мәселесі, басты мақсаты-ұлт болашағы жастардың бойында әділеттік,

адамдық, имандылық қасиеттердің қалыптасуындағы білім-ғылымның маңызын терең таныту болды. Ұлы ойшылдың ағартушылық-дидактикалық поэзиясының бастауында тұрған «жаңа өспірім, көкөрімнің» санасына сәуле құяр әр сөз, әр ой - ақынның «адам болам десеңіз» тұжырымының түйіні. 1985-86 жылдарда жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері өз заманының, қоғамының озық ойлы ақынының елін, жұртын білім-ғылымға үндеуі, адамзат өркениетінің көшінен қалмауға шақыруы - ұлттық мұрат, халықтық мақсат жолындағы ізгілікті күресінің идеялық тұғыры. «Оқу мен тәрбие егіз» парадигмасын «бес асыл іс» пен «бес дұшпанды» оппозициялық концептіде «ғылым таппай мақтанба», «пайда ойлама ар ойла», -деген ұстаным аясында алып, «заман ақыр жастарын», «кеселді жалқау, қылжақбастарды» сын тезіне салады. Осындай бағдарламалық тұжырымнан бастау алған «еңбек етсең ерінбей», «өнерпаз болсаң арқалан» деп келетін ғибратты ойы мен тәлімдік өсиеттері ақын поэзиясы мен қарасөздерің, поэмалары мен

АБАЙ ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҚҚА АМАНАТ

аудармаларының идеялық қазығына айналып, әр түрлі моральдық, имандылық, ізгілік, адамгершілік аспектіде толықтырылып отырады. Адамның барша ізгілікті қасиеті тәрбие мен білімнен нәр алады. «...Білім алуға ұмтылыңдар», «бір сағат ілім үйрену бір кеш бойы құлшылық етуден жақсы, бір күн бойы дәрiс алу- үш ай нәпіл ораза тұтқаннан жақсы» делінген хадистерде де.

Ақын өзі ұстаз тұтқан, ақындық, нәр алған шығыс ойшылдарының ғибратты ойларын білімге талап қылған «бейне қолдың сала-сындай» жастарға үлгі етіп:

Мұны жазған кісінің

Атын білме, сөзін біл!...

Мұны жазған, білген құл-

сөзін мақсатты түрде қосып, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп, екіншіні жасырмай, кейінгі толқын талапкер шәкірттерге ағалық ақылын айтуды парызы санады.

25- қарасөзіндегі әртүрлі пікір туғызып келген «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілің, оқуың, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады». Сонда, тілің, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіріп, аса арсыздана жалынбас еді, «ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес еді», - дейді. Абай тағы да «Турасын ойлағанда, балаңа

өз сарынындай болып дөп келе кетеді. Сонан соң Лермонтовтан әрі аударарды, әрі үлгі алып күйіне күй қосарды -, деп орыс, батыс әдебиетінің әсерін, өнегесін: Абайда Европалық төркіні бар, екі алуан өлеңді көреміз. Бірі – ашықтық жайында өлеңі (махаббат лирикасы) екіншісі – көңіл күйінің өлеңі (настроение лирикасы) деп тұжырымдайды. Үшінші арна орыс мәдениеті, Европа мәдениеті. Қазақ халқы бұл мәдениетті Абайға дейін мүлде білмейтін. Сондықтан данышпан Абайдың орыс халқының асқан гуманист классиктерінің, ал олар арқылы Европа классиктерінің шексіз бай асыл мұраларын кеңінен пайдалануы және өз халқын бұл мәдениеттен ана тілінде таныстыруы аса зор маңызды жаңалық болды-деп жазды.

Әкесі Құнанбайдың тергеуден босап шығуына Омбы кадет корпусында оқыған, Шоқанның тигізген шапағатын, оның білімділігі мен халқына қызмет етуді мұрат тұтқанын естіген, Абай баласы Әбдірахманды 1882 жылы Семей қаласындағы уездік мектепке, 1886-1889 жылдары Түмен қаласындағы Александр реалдық училищесіне, 1889-1892 жылдары Санкт-Петербургтегі Михайлов артиллерия училищесіне «оязға қызмет қылсын, шен алсын деп бермеген», ұлтына қызмет қылсын деп оқытып:

«Алыста болса, іздеп тап,

Кореннойға кіруге»-деген көкейіндегі арманын да аңдатады. Осы өлеңдегі «коренной» русизмі бұл арада «өз елің», «туған жұртың, тұрғылықты жерің» деген мәністі меңзейді»-дейді профессор А.Шәріп. Біз бұдан, ақынның «Счетың тура» - «есебің түгел» болсын десең өз еліңе, туған жұртыңа, халқыңа қызмет қыл деген аңсарлы ойын оқимыз. Бірақ «оған да ғылым, оған да ой» керек. Қорғасындай салмақты ой, терең тұжырымға құрылған өлеңнің әр жолы «ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл берсеңіз», «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», «сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» халық тілінің құнарымен астасып афоризмге айналды.

Ұлы ақын «айрықша дәріптеген игілікті істің бірі-көптіл білуден» Қ.Ж.Тоқаев) кемдік көрген жан жоқ. Орыстың классик ақын-жазушыларының, демократ-ағартушыларының, Спиноза, Спенсер, Дрепер тәрізді еуропа оқымыстыларының шығармаларымен танысқан Абайдың рухани мектептерінің бірі - орыс, батыс әдебиеті болғаны ақиқат.

Күллі адамзат тарихында арысы Сократтан бастап ұлылықтарын ұстаздыққа ұластырып, ақыл-ойдың дамуына, адамның кемелденуіне, ұрпақ тәрбиесіне арнап, медресе, мектеп ашып, дәрiс оқымаса да кемеңгерлік ой –тұжырымдары мен таным-пайымдарын, ғибраты мен тағылым – тәлімдерін ұрпаққа өшпес мұра етіп қалдырып кетті. «Түзетпек едім заманды» - деп, ақын өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтты.

Сондықтан, қазақ әдебиетінің асылдануына, пәлсапалық ойымыздың кемелденуіне нәрлі құнар болған жұмбақ жанның ұлағатын ұрпаққа ұлықтау мемлекеттік деңгейде қолға алынуының маңызы зор.

Ұлылық феноменіне айналған ақынның мұрасы, дүниетанымы тәуелсіз еліміздің тарихында әлемдік деңгейде танылып, өркениет көшінің алдында көрінуі – ұлтымыздың рухани қазынасының биік межесі.



Ғұламаһи Дауани
Солай

депті ол шыншыл

Сөзін оқы, және

ойла, - деп өнегелі жол нұсқайды.

Абай аса құрмет тұтқан Жалаледдин Дауани (1427-1502) - әділдікті он екі түрге: шыншылдық, адалдық, достық, өзара сыйластық, рақымшылдық, сертте тұрушылық деп таратып, қанағаттың түрлерін: сабыр, азды місе тұту, ұялу, салқынқандылық, еркіндік, жомарттық, бас имеушілік, тақуалық, т.б. –деп жіктеген - иран-парсы жұртынан шыққан ақын, философ, энциклопедист ғалым, Әлішер Науаи мен Әбдірахман Жәмидің тұстасы, Фараби мен Әбу Әли Ибн Синаның жолын қуушы.

Шыңғыстаудың баурайында дүниеге келіп, ауыл молдасынан хат танып, Ахмет Риза медресесінде у*су*сул жа*дитше оқып, приходская школада орысша тіл сындырып жаңа бағыт ұстанып келген ақын қазақ ұғымына сай: «Ақылы кімнің бар болса, Демес мұны тілі ащы, Айтыңызшы болсаңыз, Здравомыслящий, Ақыл айтпай ма ағасы»-деп орыс

қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес»- деп кесіп айтады.

«Осы оқыған балалар - ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық» екені де даусыз. Тек, «бос мақтанға салынып», «прощение жазуға тырысып» қана «орыс тілі жазуың, білсем деген таластанып», «аз білгенін көпсінуден», «оқалы киім киюден», «оязға қызмет істеуден» сақтандырады. Төрт айдай ғана Семейде «Приходская школада» білім алған ақынның кейіннен өз бетінше оқып, ізденіп, Пушкин, Лермантов, Крылов тәрізді ақындардың шығармаларын мінсіз аударуы - талап пен «білмекке құштарлықтың» жемісі. Ақынның:

Өз бетіңмен тәуекел,

Занимайся прямотой-деуінің сыры да осында жатса керек.

М. Әуезов орыс әдебиеті Абайды қалай баурағанын: «Абай Пушкин қасынан солғын қарап өтеді. Бірақ солай жеңіл жанап, ат үстінен жоғарыдағыша үстірт шолып өткеннен сол Пушкин маңынан іздегенін табады. Өз сынынша «Махаббаты ашуға уланған» Лермонтовқа кеп үйіріледі. Лермонтовтың құлақ күйі, бұның өз күйі,

«ОҚЫҒАНДА КІМ БОЛАМ?»

Немесе
ІЛИЯС ІЛІМІ

білген Ілияс Жансүгіров — өзі ғұмыр кешкен уақыттың тамыршысы, жырсуіер жүректің емшісі ретінде танылған ұлы талант.

Адамның табиғатымен туа біткен ақындық асыл қасиеттің құдіреті тарихтың қандай аласапыран дауылы да өшіре алмас мәңгілік із қалдыруында болса керек. Шынайы таланттың жан тебіренісінен туған сөз маржандары сұлу да сиқырлы қалпында ғасырларды аттап өтіп, келешекпен жалғасып жатады. Қай заман, қандай дәуірде оқылса да, халықтың ой-талғамын байытып, жан сарайын аша түспек. Оның ақындығын Оразақын Асқар «Қазақ тілінің барлық құдіретін төлеп, төгіп пайдаланатындықтан Ілияс ақынның әр туындысы бүкіл бір алып оркестрдей әсер етеді» деп бағалайды.

Ілияс Жансүгіров поэзиясы — ұлттың рухани құндылығын, рухың табиғатын терең танытқан дүниелер. Ол — қазақ халқының өмір, өнер, білім, ілім, ғылым жайындағы ой-толғамы мен болмысты көру, түйсінуге, қабылдау сипатын, ұлттық психологиясын терең, кемел жеткізген, арғы-бергі тарихи дәуірлерге әділ сын көзімен қарап, ұлттың мұңы мен мүддесі тұрғысынан асқақ азаматтық серпінмен толғай алған шебер ақын.

Шара КЫЯХМЕТОВА,
Филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Қазіргі қазақ поэзиясы ой жағынан толысып, көркемдік жағынан кемеліне келіп, пайымды парасаттылық сипаттарға ие болып, ауыр жүктерді арқалап, биікке алып шығатын шымыр поэзия дәрежесіне көтерілді десек, осы поэзияға Ілияс Жансүгіровтің қосқан үлесі, жұмсаған күші, төккен тері аз емес.

Қазақ әдебиеті тарихында Ілияс Жансүгіров ақындық еңбегінің салмағының басымдылығымен айрықша бағаланады және бұл жанрдан әрдайым қол үзген жоқ.

Ілиястың өлеңдерінде ауыл тұрмысын, қараңғылықты, адам мінез-пейіліндегі кеселді құбылыстарды, заман сипатын сынай-міней отыра, халқына жақсылық таңы туар деген арман-үмітін толғап, ауыл жастарын өнер-білімге шақырып, қазақ қыздарына еркіндік, махаббат бостандығын армандайды. Ақынның қиыннан қиыстырарлық шеберлік, сыршылдық дарын ұшығы осы тұңғыш өлеңдерінде-ақ сезіле бастайды.

Ілиястың ақындық жолға түсуіне түрткі болған, әсемдік әлеміне жетелеген, ақынды биік тұғырға көтерген, сый-құрметке бөлеген дауылды дарыны, туа біткен таланты және қасиетті Жетісу топырағы.

Ілиястың балалық, жастық шағы бастауын Алатаудың мәңгілік мұздарынан алатын, ағысы арқыраған Ақсу бойында өткен. Ілиясқа жас, албырт кезінде табиғаттың сұлу көрінісі ерекше әсер еткен. Ақынның өлеңдері өскен жерін қаншалықты сезіммен сүйетіндігін танытып қана қоймайды, сол тамаша өлкенің бүкіл асыл қасиеттері мен байлығын да мол білетін ақындық байқағыштығының тереңдігін білдіреді.

Ілияс өлеңдерінің басым тақырыбы оқу, білім, ілім жөнінде болып келеді.

Қажымас қайрат иелері жастар деп таныған ол поэзия бұлағының асау ағысын жастарға арнап, соларға зор үміт артады. «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Саналы жастарға», «Жастар», «Оқимын», «Майдан», «Еңбекке» т.б. өлеңдерінде жастарды өнер-білімге, мәдениетке, еңбекке шақырады және «әлеуметтің ұлы боп» еліне қызмет етуге үндейді. Жастарды «үміттің жанған шырағы», «заманның қызыл гүлі», «заманның иесі, қожасы» деп біледі. «Саналы жастарға» деген өлеңінде жаңа заман жастарының алдына қойып отырған үлкен міндеттерін лайықты суреттейді.

Қозғаласың, ұмтыласың, жас ұлан, Жасты жасау — жас міндетті жасынаң — деп, жастарды жігерлендіреді. «Жастар» өлеңінде: Кел аралас еңбекке.

Елмен жетіс, Еңбек етіс, Елге жеміс бермекке, — деп, балауса өркенге игі тілекпен қоса үлкен борыш, сенім артады. Дәуір тынысын, замана рухын сергек сезініп өскен алғыр ойлы азамат ақын осы тектес өзге де жырлары арқылы жастар жүрегіне бір сәт өз кезінің өзекті де өскелең үнін тастайды, өнегелік ұрығын себеді. Бұл өлең жалынды жастың гимніндей естіледі. Өнерсіздік өштесім, Қараңғылық қастасым, — деп, ақын «өнерге, елім, өнерге» деп, жастарды ілім-білімге ұмтылдырады. Ақын «мектебім, ұям, ұшқаным», «мектебім, мерей мекенім» деп, мектепті білім өнерханасы деп түсінеді, елінің өрісін өсірер алтын ұя деп қарайды. Халқының болашағы соған байланысты екенін терең пайымдайды. Сондықтан ақын өзінің ақындық үнімен елін өнер-білім майданына бастайды. Ақын елінің келешегін сол

жастармен тағдырластырады. Енді бірде: Жас мұраты — білім, тәлім-талабы, Өнер, оқу — жастықтың қару жарағы, — деп, ойын жалғастырады. Ол қараңғылық пен надандықтан шығарар бірден-бір жол — оқу-білім-ілім екенін өзінің «Жаңылғаным», «Талғамалар», «Жыбырлақ», «Замандасқа», «Маңым» атты өлеңдерінде де баса айтты.

Ілияс — жастар тәрбиесі тақырыбына дөңдеп барған ақын. Отбасында инабатты, ибалы, әдепті, үлкенді сыйлап, ауыртпалықты көтере білуге, қарияларға құрмет, жастарға ізет көрсетуге, ақылды, ұстамды, ауыр еңбекке төзімді болуға шақырады. Сый-құрмет жасанды қамқорлық есепке негізделмеуін талап еткен. Екіжүзділік, жағымпаздық, жылпостық, сатқындық адамды аздыратын мінез-құлыққа жататынын, ол әсіресе жастарға тілемейтін жағымсыз әдеттер саналатынын жырларында да, поэма, романдарында да, сын-сықақ әңгімелерінде де талмай жазады.

Ілияс Жансүгіров өзінің бір сөзінде: «Менің қаламым, қайратым — осы дәуірдегі әдебиеттің қызметкері. Менің миым, жүрегім ұлы Отанның миллион қуаныштарының бақытты халықтарының сана - сезімін көрсетеді. Қолыма қалам алғаннан бері менің сүйіп жырлап келе жатқаным - елім, кең далам», - деген болатын. Шынында, І. Жансүгіров - туған елің, жаңарған, өзгерген даласын шығармашылық жолының барлық кезеңінде толассыз тебірене жырлаған, дәуір, заман жыршысы.

Табиғат берген үздік талантының арқасында үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланысы толысып, бұлақтан дарияға, солқылдаған жас шыбықтан алып еменге айналған, «поэзиямыздың Абайдан кейінгі биігі» (М. Әуезов) бола



Өмір атты ұлы көштің өн бойында өмірінің соңында өрнекті із қалдыратын, қайталанбас тұлға да, артында із қалмайтын жан да қатар келіп жатады. Алдыңғылары - өмір ағымында ағысқа қарсы жүзіп, ұлты үшін елеулі істер тындырады. Бірақ, мен сондаймын деп тіршілігінде кеуде қақпайды, пендешілік ұсақ-түйекке бармайды. Атақ та сұрамайды, бөр деп алақан да жаймайды. Алайда, көзі тірісінде-ақ оларды атақ та, даңқ та өздері іздеп табады. Міне, сондай жандардың бірі — экономика ғылымының докторы, профес-

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТҰЛҒА

сор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров болатын. Ғылым-білім деген үлкен сара жолда бізге бағыт-бағдар берген, сол жолдан адастырмайтындай шырақ берген, берік те бекем маман болуымызға көмектескен біздің ұстазымыз осындай тұлғалардың бірі еді. Табиғи мінезі, бітім болмысы бөлек ұстаздың шәкірті болғанымызды біз әрқашан мақтан тұтамыз. Жаңа оқу жылының басталуында ұстазымыздың - 100 жылдығы. Өзі болмаса да қарымды еңбек еткен қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ізіндегі шәкірттері мен жанұясы атаулы мерекені атап өтпек.

А т а қ т ы п е д а г о г - ғ а л ы м В.А. Сухомлинский «Егер біз балаға қуаныш пен бақ бере ала алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», деген болатын. «Не ексең соны орасың» дегендей, бала бойына қажетті біліммен қатар, жақсылықты, ықылас ниетті қаншалықты аямай бере білген ұстазымыз Я.Әубәкірұлы мен Марзия апаймыздың бізге деген ықылас-ниеттерін ұмыту мүмкін емес.

Өмір талабына сай талпыныс жасау, іздену мен ізгіліктен жалықпау, жас демей, жасампаз демей олардың жағымды жақтарын қабылдау, үйрену ұстазымызға тән қасиет болатын. Өзіміздік өрмегіне шырмалып қалмай, алға

ұмтылыңдар, ізденіңдер, арман-мақсаттарыңа жетуге ұмтылыңдар, - деп бізден де ақылын аямайтын.

Ұстазымыз Яхия Әубәкірұлы 1925 жылы 18 тамызда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Орта білімді аталған ауданның Ақбауыр ауылында алған. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының аяқталып, елде жаңа экономикалық саясаттың басталуымен тұспа-тұс келгендіктен, жастық өмірдің қиындығы айтпаса да түсінікті. Өмірдің ащы да тұщы кезеңдерін бойларына бірге сіңірген жас буынның еңбекқорлыққа, қажырлыққа, білімге деген құлшынысы ерекше болды. Осы ұстанымдар арда азаматтың өмірден өз орнын табуына тың әсері көп болды.

1949 жылы А.М. Горький атындағы Омбы мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін Яхия Әубәкірұлы С.М. Киров атындағы ҚазМУ аспирантурасына түсіп, 1952 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін жас ғалым университет оқытушысы және жоғары мектепті ұйымдастырушының жұмысын біріктіріп, республиканың екі жетекші жоғары оқу орындарында - ҚазМУ және Алматы халық шаруашылығы институтында кафедра меңгерушісі және проректоры болып жұмыс жасады, оның қалыптасуы мен дамуына ол үлкен үлес қосты. Ол кезеңде

Қазақстан қан төгілген соғыстан кейін қайта түлеген Кеңес елінің бұрын-соңды әлемдік ауыл шаруашылығы дамуында баламасы болмаған тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты ауқымды іске кіріскен бірегей үлгісіне айналды. Бұл бұрын-соңды болмаған эксперимент Қазақстандағы шаруашылық үдерістерін едәуір өзгертіп, ғалымдар тарапынан терең әрі мұқият зерттеуді талап етті. Осы саладағы Я.А. Әубәкіровтың экономикалық теория бойынша тәжірибесі мен білімі тікелей қажетке жарады.

1972 жылы Яхия Әубәкірұлы ғылым докторы, ал 1989 жылы экономикалық теорияны дамытудағы сіңірген еңбегі үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Осы уақытқа дейін ол республикаға ғана емес, одақ көлеміндегі әріптестерінің арасында мойындалған экономистердің бірі болды. Оның әлі ғылым кандидаты болған кезінде Мәскеу экономикалық үйірмесінде жасаған социализм кезіндегі экономикалық заңдылықтардың көріністері туралы баяндамасын әріптестері оның зор ғылыми әлеуетінің дәлелі ретінде мойындады.

Өрнектелген өмірінің көп жылын халықаралық білім кеңістігінде беделді оқу ордасы, ақыл-ой қазынасының мөлдір бұлағындай, еліміздегі ғылыми шаңырақтардың ішіндегі шоқтығы биік, тарихы мол, білімнің Ақ ордасы әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ өткізді. Қаншама білім құштар жастар-ды тәрбиеледі.

«Инмен құдық қазғандай» ғылым саласында әр адамның өзінің табиғи мінезі, бітім болмысы болады. Ғылым жолында осы қасиет ерекшеленіп тұруы қажет. Біздің ағайымыздың да жарқын да жайдары мінезі, тазалығы, адалдығы мен сабырлы әрі салмақты сөздері, айрықша қарапайымдылығы, төңірегіндегі жандардың бәрін тенті етіп, өзіне тартып тұратын парасаттылығы, жалпы ерекше бітім-болмысы мен ғажайып адами қасиеттеріне тенті болмаған жан жоқ.

Жиырма жылға жуық проректор, отыз жылдан аса кафедра меңгерушісі болған уақытта ешуақытта маңайындағыларға биліктің биігінен қарамапты. Ұлықтарға иіліп, бас шұлғымаған, өзінен кішілерге кеуде көрсетпеген.

Біреуге қиянат жасамаған ұстазымыздың өнегелі өмірі біз үшін үлкен мектеп болды. Жарты ғасырға жуық өмірінде ұстаз алдында мыңдаған шәкірттер болды. Бір өзі үлкен ғылыми институтқа жүк болатындай жұмыстарды жасады. Жиырмаға жуық экономика ғылымының докторы мен жетпіске жуық ғылым кандидатын дайындап шығарды. Солардың тең жартысынан көбі ауылдан шыққан қарапайым дарынды жастар болатын. Марзия апайымызбен екеуінің қамқорлығы мен шапағаты арқасында болашақтарын айқындады, өмірден өз жолдарына табуға мүмкіндік алды. Шәкірттерінің арасында көптеген көрнекті қайраткерлер, академик ғалымдар, министрлер, ректорлар шықты.

Марзия апа бізді өз балаларындай жақсы көретін. Ақылын айтатын, үнемі қамқоршы болып жүретін. «Мен осындай бақытқа еңбекпен жеттім, ерінбей, жалықпай еңбектеніңдер» деп отыратын. Ол кісі де ғалым, араб тілі маманы. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Ең негізгісі – қазақтың экономикалық ғылымына көп үлес қосқан академик Я.Әубәкіровтің азаматтық өмірлік серігі, қазақ өнерінде өзіндік орны бар Жәния Әубәкірованың анасы.

Я.Әубәкірұлы ғылым жолына түсіп, өмірінің соңғы күніне дейін шәкірт тәрбиелеуден жалықпаған ұлы ұстаз. Жастарды ғылымға баулуға, керек десеңіз сол мақсат үшін кез келген әділетсіздікпен күреске дейін барған ұстаздың еңбегін саралағанда, кісіліктің, адами қасиеттің жоғарылығына тенті боласыз. Қос ұстазымыздың асқан қайырымдылық пен қамқорлықтан жаралған ғазиз жаны барша адамға нұрын төккені айқын.

Ұстазымыздың қолынан ұшқан қарлығаштар білімге, мәдениетке құштарлық дәстүрін қалыптастырып, республикамыздың сан-салалы экономикасын, білімін, ғылымын, мәдениетін арттыруға мейілінше белсенділікпен, біліктілікпен араласып, еліміздің өркендеуіне өздерінің үлестерін қоса келе, өзінен кейінгі ұрпаққа да үлгі, өнеге бола білуде. Бұл да ұстазымыздың еңбегінің жемісі.

Академик Я. Әубәкіров экономикалық теорияның шынайы ғылымы оның әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері үшін шешімдейтін қайшылықтарды, олардың қарама-қайшылықтарын болдырмау қабілетімен анықталатынын әрдайым атап өтті. Экономикалық теория бұл қабілетті адамның, қоғамның, мемлекеттің экономикалық саясатының экономикалық мінез-құлық принциптерін қалыптастырудағы әдіснамалық тәсілдерді әзірлеу арқылы жүзеге асыра алады.

Оқытушы мен зерттеушінің дарынын біріктіре отырып, Я. Ә.Әубәкіров өзінің ізбасарлары мен шәкірттері үшін интеллект пен гуманизмнің үлгісі болды. Академик Я. Ә. Әубәкіровтың шығармашылық мұрасы оның мерейтойларына арналған көптеген авторлық монографиялар мен кітаптарда баяндалған. Идеялар мен әдістеме зерттеуші-экономистердің жаңа буындары үшін білім көзі болды. Ол өзінің педагогикалық білімін, талантты ғалым ретіндегі тәжірибесін студенттерге, магистранттарға, ізденушілер мен докторанттарға аянбай арнады. Оның өмірі мен қызметі жарты ғасырдан астам уақыт

бойы еліміздің жетекші жоғары оқу орнымен, Қазақстанның жоғары экономикалық білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты болды. Өз өмірін шығармашылық еңбекке арнап, бірнеше ұрпақ мамандарын – ұлттық экономикалық ғылым мен практиканың элитасын тәрбиелеуге күш салған адамның адами қасиеттері мен еңбегін асыра бағалау мүмкін емес.

Академик Я.Әубәкірұлының ғылыми қызығушылықтары саяси экономика, экономикалық теория, аймақтық экономика, экономикалық ой тарихымен байланысты. Аймақтық деңгейде экономикалық заңдардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтай отырып, оларды зерттеудің әдіснамасын, әдіснамалық тәсілдерін және олардың ұлттық экономикаға әсерін анықтады.

Жан-жақты әрі терең білімді, экономикалық теорияның жаңа көкжиектеріне әрдайым ашық, шығармашылық дарыны мен мамандық біліктілігінің арқасында ғылымның алдыңғы шебінде болды.

Қазақстандық алғашқы экономист-ғалымдардың бірі ретінде ол сол жылдары кең өріс алған жүйелік-құрылымдық талдаудың философиясы мен әдіснамасына қатысты теориялық зерттеулердің маңызын түсіне білді. Бұл жаңа әдістерді ол экономикалық үдерістер мен заңдылықтарды зерттеуге ба-тыл қолданды.

Академик Әубәкіров Қазақстан ғылымында алғашқылардың бірі болып адами капи-тал феноменіне бет бұрып, оны қазіргі



академиясының академигі Я. Әубәкіров ТМД елдері ғалымдарымен де зор ынтымақтастықта болды, әркез халықаралық

ар-намыс, адамгершілік сияқты ұғымдарды жоғары қойды.

Яхия Әубәкірұлының шығармашылық өмірбаяны, экономикалық мұрасы, экономикалық ой-санасы, бекзат бол-мысы өзгеше бір әлем, болашақта зерттелетін, зерттеуге тұратын өресі биік тұлға. Оның тұлғасы жақсылықтың, қайырымдылықтың, заңғарлықтың, мөлдір тазалықтың символы тәріздес. Ішкі тектілік, әділеттілік, адалдық пен өмірлік даналық Яхия Әубәкіровке студент-тер мен профессор-оқытушылар құрамы тарапынан зор құрмет пен шынайы сүйіспеншілік алып келді.

Оның ғылыми-педагогикалық жұмысқа деген қажырлы еңбегі мен адалдығының арқасында көптеген студенттер ғылымға бет бұрып, практикалық экономиканың қыр-сырын меңгеріп, шаруашылық қызметті ұйымдастырудың негіздерін үйренді.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін Я.Ә.Әубәкіров қазіргі қазақстандық экономика ғылымының қалыптасуына белсенді түрде қызмет етті.

Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы жанындағы докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі, ҚР ЖАК-тың экономика ғылымдары жөніндегі сараптау комиссиясының төрағасы, ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің төрағасы, «ҚазҰУ Хабаршысы. Экономикалық ғылымдар се-риясы» журналының редакциялық алқасының мүшесі болды.

Мұхаммед Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «...Жер бетіндегі ғұлама да-нышпандар аспандағы жұлдыздарға ұқсайды... Жерде де, суда да жұлдыздарға қарап жол табуға болады» делінген. Яхия Әубәкірұлындай ұлағатты ұстазымыздың шәкірті болғанымызға мақтанамыз, біз – бақыттымыз! Ал, ұстазымыздың есімін мәңгі жадымызда сақтап, рухын асқақтату – біздің парызымыз!

Г.Б.Тулешова
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Экономика және сервис кафедрасының меңгерушісі

Л.А.Бимендиева
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Экономика және бизнес Жоғарғы мектебінің қауымдастырылған профессоры



экономиканы дамытудың маңызды шар-ты деп санады. Ол адами капитал білім және ғылым саласына, денсаулықты сақтауға, еңбек өнімділігі мен қоғамдық өндіріс тиімділігінің өсуін қамтамасыз ету-ге мүдделі білікті кадрлардың көбеюіне бағытталған инвестициялардың нәтижесінде қалыптасады деп көрсетті. Сонымен қатар, ол адами капитал құрылымындағы кәсіпкерлердің маңыздылығын ерекше атап өтіп, "бәсекеге қабілетті нарықтық ортада адами капиталдың маңызды құрамдас бөлігі - халық шаруашылығының әртүрлі салаларын-да өндірісті ұйымдастыруға және басқаруға арналған кәсіпкерлердің, іскер адамдардың әлеуметтік тобы ерекше орын алатынын"атап өтті. Көріп отырғанымыздай, қазіргі дамудың маңызды шарты болып табылатын адами капитал факторын түсінуде академик Яхия Әубәкіров өзінің ойлауының кеңдігін, ауқымды және жан-жақты ойлау қабілетін көрсетеді.

Яхия Әубәкірұлы экономикалық ғылымның үдемелі дамуы үшін ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығын түсіне оты-рып, отанымыздың прогрессивті өзгерістері мен жаңаруын ажырамас байланыстыра-тын жаңа кадрларды даярлау ісіне көп күш жұмсады. "Қоғамдық прогрестің болашақ көзеңдерін белгілей отырып, әлеуметтік-экономикалық ғылым сабақтастық принципін сақтауы керек, өйткені жинақталған ғылыми әлеуетті ескермей жаңа теориялық ережелердің пайда болуы мүмкін емес. Бұл дегеніміз, бұрынғы теориялық посту-латтар метаморфозға да ұшырайды – олар сүйектенбеген догмалар емес және оларды абсолютті етуге болмайды", - көрнекті ғалым өзінің ғылыми және ұйымдастырушылық жұмысында осы принциптерді басшылыққа алды.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым

байланысын нығайтып, Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Ташкент, Бішкекте және басқа да қалаларда өткен бірқатар аймақтық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді қатысты.

Я.Ә.Әубәкіров Мәскеу, Ленинград, Киев, Ташкент қалаларындағы экономист-ғалымдарға әрдайым жылы лебізін білдіретін, олармен көп жылдық шығармашылық бай-ланыста болды. Олардың қатарында: Ресей Ғылым академиясының академигі Леонид Иванович Абалкин, профессор Валерий Викторович Радаев, экономика ғылымдарының докторы (Мәскеу), про-фессорлар Николай Дмитриевич Колесов, Владимир Иванович Котелькин (Санкт-Петербург), Украина Ғылым академиясының академигі Анатолий Андреевич Чухно (Киев), Вячеслав Иванович Олигин-Нестеров (Екатеринбург), Борис Васильевич Титов, Владимир Николаевич Тельнов (Саратов), А.У. Орузбаев, Р.Рыскулбеков, Қырғызстан ҒА академигі Т.Қойчиев, В.П.Чернова, К.Базарқанов, Лейлиев (Қырғызстан), А.Абдығаниев, Н.И.Пак, В.Ли (Өзбекстан) және басқалар бар.

Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры Николай Колесов өзінің әріптесі туралы былай дейді: "... Яхия Аубакировичтің батылдығы мен жоғары азаматтық жауапкершілігін, оның таңдалған принциптер мен мұраттарға адалдығын, оларды жүзеге асырудағы табандылығын атап өтпеуге болмайды. Ол қоғамда инди-видуализмге, өзімшілдікке қарсы болды. Керісінше, бір-біріне бауырмалдық, өзара көмек, ұжымшылдық, ынтымақтастық, ұлтжандылық принциптерін жүзеге асы-ру үшін күресті. Сондықтан болар, адамға деген жанашырлық пен мейірімділік сезімін жоғары деңгейде дамытты. Ол үшін ар-ождан,





МҮЛІК ДӘУЛЕТКЕРЕЙ,
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ
УНИВЕРСИТЕТІ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ
ОҚЫТУШЫ-ДӘРІСКЕРІ

Алаштың ұлы Абайы
Танытқан көпке жыр атың,
Тамсанған ғалам талайы.
Қазақта өткен бір ақын,
Алаштың ұлы Абайы.

Өресі биік ақынның,
Өмірі аңыз білгенге.
Кені болған ақылдың,
Зейінмен құлақ түргенге.

Адамдық болған ұраны,
Жүрекке нұрын құятын.
Адалдық болған құраны,
Кеудеге көркем сиятын.

Кісілігіңді келбетті,
Бес асыл іспен көмкерген.
Кішілігіңді көрнекті,
Ұлылық жолмен тең көрген.

Қазақтың болған қорғаны,
Сүйетін ұлтын жүректен.
Ғажап тым асқақ арманы,
Ұштасқан ізгі тілекпен.

Фибратқа толы өлеңі,
Тұғырын биік етеді.
Ғибадат қылса өрені,
Мұратқа асыл жетеді.

Өмірге азық болады,
Оқысаң жетіп төзімің.
Көңілге келіп қонады,
Қадірі қара сөзінің.

Ескендірді айтып естіге,
Қанағат жолын көрсетті.
Масқұттың мұңын кештіде,
Еліңмен бол деп ескертті.

Ғұлама сөзі ғұмырлы,
Парқымның болған азығы.
Даналық ойы тұғырлы,
Халқымның темірқазығы.

Кейде таң көргіп атады,
Сананы сан ой түрткенде.
Кейде күн көргіп батады,
Ертеңнен үміт күткенде.

Адамдық мінезіңменен
Шындықты сүйгенің үшін.
Туралық алдында

Басыңды игенің үшін.
Ақиқаттың астарлы
Көбінін кигенің үшін.
Өзгенің өтірігінен,
Өзіңше ой түйгенің үшін.
От болып жанбасанда
Шоқ болып күйгенің үшін.

Ұраның ұлтыңды сүйер,
Жүрекке сиғаны үшін.
Жалғанды жатқа балап
Құрбандыққа қиғаның үшін.
Көкірек көзі көргенді,
Кеудеге жиғаның үшін.
Уақыт қамалын тосады,
Соңыңа иттерін қосады.

Кешегі Маханды ойлаймын.
Нарынқұм белінде өткен.
Қазақтың Абайын ойлаймын,
Шыңғыстау төрінде өткен.
Әлағаң, Ахаңды ойлаймын,
Алаштың жерінде өткен.
Бәрін де өзектен тепкен.
Қасарсып, түбіне жеткен
Уақыт - қатыгез неткен.

Кейде таң кербез атады,
Кеудені қуаныш кернесе.
Кейде күн кербез батады,
Уақыт жалғанды тергесе,
Өлмейтін Бабалар рухы
Жаныңды, арыңды тербесе
Несіне күрсініп, өкінем.
Дүние кезек, ЕНДЕШЕ....

Қазақтың тілі...

Қазақтың тілі – қанжардың жүзі
қайраған,
Намыс боп тулап, қаныммен бірге
ойнаған.

Қазақтың тілі – жүректің үні сайраған,
Алаштың тілі Алланың өзі сайлаған.

Қазақтың тілі – ғасырдың үні, ғажап
тым,
Тіліммен мәнді арайлап атқан азат күн.
Бір ауыз сөзбен тәубеге келіп, шүкір
деп,
Иманымды айтып, қақпасын жабам
тозақтың.

Қазақтың тілі – жанымды тербер жыр-

әнім,
Көкжиегімді көмкерер көркем шуағым.
Рухым асқақ тіліммен ғана астарлы,
Тауды да бұзар тегеурінді қайнар
бұлағым.

Қазақтың тілі – қобыздың үні, мұңы
бар,
Сыры бар тағы сырласқан сайын
құнығар.
Әппақ сүтімен анамнан бойға дарыған,
Қастерлім дерлік, қасиеттім дерлік
құны бар.

Қазақтың тілі – домдыра үні шалқыған,
Шабыты келсе, тұлпардай тасты
тарпыған.
Әуезін тыңдап, жазира далам бусанып,
Қойтасқа тұнған қорғасындайын
балқыған.

Қазақтың тілі- Хан Тәңірідей асқақ тым,
Иірімі терең, әуезі оның жақсы-ақ тым.
Жаңғырық сынды жартастан қайтып,
жоғалмай,
Мәңгілік дейтін белеспің, биік, асқақпын.

Қазақтың тілі – көзімнің ағы, қарасы,
Тіліммен ғана жазылар жұрттың жа-
расы,
Тіліммен ғана асқақтар ардың бағасы,
Тіліммен ғана оянар ұлттың санасы,
Тіліме құрмет – парызың АЛАШ ба-
ласы.

Өлең деген...

Айқара ашып өнерімнің түндігін,
Кессем деймін өлеңімнің кіндігін.
Ақын салған соқпақпенен жүрді кім?
Ақындардай асау ғұмыр сүрді кім?!

Мен өлеңге тумысымнан құмармын,
Құмарлықпен биіктерден құлармын.
Өлең деген жұмақ болса жайқалған,
Қақпасында қарауыл боп тұрармын.

Өлең деген арда сөздің асылы
Қиял, сенім, сезімдердің ғашығы.
Өлең деген құдірет қой шынымен,
Алшысынан түсіп жатса асығы.

Өлең деген даласы ғой қазақтың,
Хан Тәңірі – биік шыңы, ғажаптым.
Өлең деген жұмсай білсе от қару,
Қанжарсыз ақ басын алар көззаптың.

Өлең деген өрімі ғой қамшының,
Әр өрімде тұнар бәлкім тамшы мұң.
Өлең деген қанжығаны майлаған,
Дөп тиетін жебесіндей аңшының.

Өлең деген көздің ақ пен қарасы,
Өлшенетін өрнегімен бағасы.
Арқау болған өзегіне өлеңнің,
Тал бесік пен жер бесіктің арасы.

Сөзді қару, тиек етем өмірді,
Өлең емдер алабұртқан көңілді.
Жаңсақ сөзден жараланып жүрегім,
Жақсы сөзге шіркін жаным семірді.

Тапал тартса рухани танымым
Абайды оқып, өткенімді таныдым.
Махамбеттен мұра болған өлеңмен,
Мен өзімше намысымды жаныдым.

Таулар

О, таулар, заңғарсыңдар, алыпсыңдар,
Алып шыңдар, білгенге танықсыңдар.
Білмегенге құпия, тамұқсыңдар.
Жердің төсін бауырлап, аспанды емген,
Қос әлемнің құлқына қанықсыңдар.

Бітімі биіктіктен жаратылған,
Шатқал, шың, құз, беткеймен бағы
артылған.
Қыран жайлап, бұлт қонған дара
тұлғаң,
Бөрің де Шыңғыстаудай көрінесің
Баурайында Абайдай дана туған.

Бөленгендей ғаламның құндағында,
Сыр жатыр өркеш-өркеш шыңдарыңда.
Тау мүсін тұлғаланып тұрғаныңда,
Қасқайып Хан Тәңірідей көрінесің,
Шабыт берген Мұхандай шын дарынға.

Қаншалық кең болғанмен дүние-жалған,
Асқақтықты ежелден сүйеді арман.
Басына қыран жайлап, кие қонған,
Қасиетті Қазығұрттай көрінесің,
Пайғамбар кемесіне ие болған.

Түс берген бар әлемнің картасына,
Сұс берген, меңіреу құз жартасына.
Ақ мұздан сауыт киген арқасына.
Алатау, Қаратау боп көрінесің,
Тіршілікті тербеткен қалқасына.

Сұлулық мекендеген аумағында,
Төсін еміп, тербелген бау-бағым да.
Осындай қасиет бар тауларыңда.
Көз жіберсең көркіне тамсанасың,

Шерхан – шындық
Шырылдаған төзіммен,
Шерхан аға, шындық кетті өзіңмен.
Сен бар жерде ақиқаттан түк қалып,
Сен бар жерде жасандылық көз ілген.


Бұқар жыраудай татымды,
Қаймықпастан қасқайып айттың
датыңды.
Салмақты ойларың сілкініп,
Әйгілеп жатыр Шерхан – шындық
атыңды.

Жетегіне ермей ағыстың,
Абай сынды мыңмен жалғыз алыстың.
Жалған дүниеге жармаспай,
Ақиқаттың уын сан іштің.

Көлденең келген көк атты,
Бағындырғанмен жоғары кеңес, се-
натты.
Сенсің басып, адуынды үнмен тіл
қатып,
Мінберде талай жасаған едіңіз теракты.

Күмбезі қалып, күңдері кетіп сарайдың
Өзіңсіз келіп, өзіңсіз кетті талай күн.
Арбасқан сәтте аждаһа ойлар бүгінде
Өзіңдік көзбен қараймын

Қол тигізгендер жағаңа,
Ұялар ертең, жетпеген жандар бағаңа.
Бір кем дүние санада сайрап,
Жаңғырар талай, жаңарар талай жан
аға!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 11-72

Индекс 64568
Тапсырыс №890
Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды